

Өрт-техникалық өнімдерін шығару ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы N 1359 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 173 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 173 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Өрт-техникалық өнімдерін шығару ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 24 желтоқсандағы
N 1359 қаулысымен бекітілген

Өрт-техникалық өнімдерін шығару ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже өндірістік-техникалық мақсаттарға арналған және халық тұтынатын тауарларға жататын өрт-техникалық өнімдерін әзірлеудің және өндіріске шығаруға қоюдың негізгі ережелерін белгілейді.

2. Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) өрт-техникалық өнімдерін өндіріске шығаруға қою - жаңадан әзірленген, жаңартылған немесе басқа кәсіпорындарда бұрын игерілген өнімдердің өнеркәсіптік өндірісін ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар жиынтығы;

2) өрт-техникалық өнімдерін әзірлеу - өнеркәсіптік өндірісті ұйымдастыру үшін қажетті үлгілерді және (немесе) техникалық құжаттаманы жасау процесі;

3) тәжірибелік үлгі - оны өндіріске қою және (немесе) арнаулы бойынша пайдаланылу мүмкіндігі туралы шешім қабылдау мақсатында оның берілген техникалық талаптарға сәйкестігін сынау арқылы тексеру үшін жаңадан

әзірленген жұмыс құжаттамасы бойынша дайындалған өрт-техникалық өнімдерінің үлгісі;

4) тәжірибелік топ - өрт-техникалық өнімдерінің белгіленген талаптарға сәйкестігін бақылау және оны өндіріске шығаруға қою туралы шешім қабылдау үшін жаңадан әзірленген құжаттар бойынша белгіленген уақыт аралығында дайындалған тәжірибелік үлгілерінің жиынтығы немесе өрт-техникалық өнімдерінің белгілі бір дана емес көлемі;

5) үлгі - белгіленген тәртіппен бекітілген және оларды дайындалған өрт-техникалық өнімдермен оны қабылдау және жеткізу кезінде салыстыруға арналған өндірістік-техникалық мақсаттағы өрт-техникалық өнімдерінің үлгісі;

6) үлгі - белгіленген тәртіппен бекітілген және дайындалған өрт-техникалық өнімдерді қабылдау және беру кезінде олармен салыстыруға арналған халық тұтынатын тауарларға жататын өрт-техникалық өнімдерінің эталон-үлгісі;

7) қабылдау сынағы - өрт-техникалық өнімдерін өндіріске қоюдың және (немесе) арнаулы бойынша пайдаланудың орындылығы туралы мәселені шешу мақсатында жүргізілетін осы өрт-техникалық өнімдерін тәжірибелік үлгілерін, тәжірибелік партияларын бақылау сынағы;

8) алғашқы серия - өндірістің белгіленген талаптармен және тапсырылған көлемде өрт-техникалық өнімдерді шығаруға дайындығын растау мақсатында сериялық немесе жаппай өндіру құжаттамалары бойынша өндірісті игеру кезеңінде дайындалған өнімдердің бірінші өнеркәсіптік партиясы;

9) біліктілік сынақтары - осы үлгідегі өрт-техникалық өнімдерін берілген көлемде шығаруға жеке және заңды тұлғалардың дайындығын бағалау мақсатында жүргізілетін алғашқы серияны немесе алғашқы өнеркәсіптік партияны бақылау сынақтары.

3. Әзірлеуге, келісуге, бекітуге және өндіріске шығаруға қоюға жататын өрт-техникалық өнімдері халықтың өмірі, денсаулығы, оның мүлкі мен қоршаған орта үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ететін талаптарға жауап беруі тиіс.

4. Өрт-техникалық өнімдерін әзірлеу және өндіріске шығаруға қою кезіндегі жұмыстар құрамын тапсырыс беруші әзірлеушімен бірлесіп белгілейді. Бұл ретте жұмыстардың мынадай құрамы пайдаланылуы мүмкін:

- 1) техникалық тапсырманы әзірлеу;
- 2) технологиялық, техникалық және нормативтік құжаттаманы әзірлеу;
- 3) өрт-техникалық өнімдерінің үлгілерін дайындау және сынау;
- 4) әзірлеу нәтижелерін қабылдау;
- 5) өндірісті дайындау және игеру.

5. Жұмыстардың нақты мазмұны мен олардың жүйелілігі өрт-техникалық өнімдерінің арналуына, оның күрделілігіне, жаңалығына, қажеттілігіне және техникалық қызмет көрсету нысанына, тұтынушы пайдаланған кездегі жөндеуіне

, сондай-ақ оның іске асырылу географиясы мен ауқымына сүйене отырып белгіленеді.

2. Техникалық тапсырманы әзірлеу

6. Техникалық тапсырма өнімді әзірлеу үшін негізгі бастапқы құжат болып табылады.

7. Техникалық тапсырманың құрылымы мен мазмұнын тапсырыс беруші мен әзірлеуші белгілейді.

8. Техникалық тапсырма тапсырыс беруші мен әзірлеуші белгіленген тәртіппен әзірленеді және бекітіледі.

9. Әзірлеу үшін қажетті және жергілікті талаптарды қамтитын және тапсырыс беруші мен әзірлеуші мойындаған кез келген құжат (келісім-шарт, хаттама, нобай және басқалары), сондай-ақ өндіруге арналған өрт-техникалық өнімдерінің үлгісі техникалық тапсырма ретінде пайдаланылуы мүмкін.

10. Техникалық тапсырмаға халықтың өмірі, денсаулығы, оның мүлкі мен қоршаған орта үшін өнімнің қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды белгілейтін техникалық регламенттер мен стандарттардың міндетті талаптарына қайшы келетін нормалар мен талаптарды енгізуге жол берілмейді.

3. Құжаттама әзірлеу, өрт-техникалық өнімдерінің үлгілерін жасау және сынақтан өткізу

11. Өрт-техникалық өнімдеріне арналған конструкторлық, технологиялық және нормативтік құжаттамаларды, сынау бағдарламалары мен әдістемелерін әзірлеу Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын тиісті стандарттармен белгіленген ереже бойынша жүргізіледі.

12. Өрт-техникалық өнімдерін әзірлеу процесінде функционалдық мәнімен өзара байланыста композициялық және эстетикалық шешімдерді пысықтауға бағытталған көркемдік құрастыру (әрлендіру) жөніндегі жұмыстар жүргізіледі.

13. Техникалық қызмет көрсету және (немесе) жөндеу көзделген өрт-техникалық өнімдерін әзірлеу кезінде болашақтағы мамандандырылған жөндеу өндірісінің нақты жағдайын ескере отырып, оның жөндеуге жарамдылығына және бақылауға жарамдылығына пысықтау жүргізілуі тиіс.

14. Өрт-техникалық өнімдерінің сапасына қойылатын талаптарды (стандарт, техникалық шарттар, үлгіні техникалық суреттеу) белгілейтін нормативтік құжатты таңдауды дайындаушы мен негізгі тұтынушы белгілейді.

15. Үлгінің техникалық сипаттамасы, тұтынушылық қасиеттері сапа көрсеткішінің сандық мәні белгілеу қажеттілігінсіз немесе бұл көрсеткіштер

техникалық регламенттермен және стандарттармен белгіленген жағдайда өрт-техникалық өнімге жасалады.

16. Үлгінің техникалық сипаттамасын Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген стандарттарға сәйкес әзірлеуші немесе дайындаушы (қолында түпнұсқасы бар) бекітеді.

17. Әзірленген техникалық құжаттаманың бастапқы талаптарға сәйкестігін растау және ең жақсы үлгіні таңдау үшін (нұсқалары болған кезде) тәжірибелік үлгілер (тәжірибелік партиялар) дайындалады.

18. Тәжірибелік үлгілерді (партияларды) дайындау қажеттігін және олардың санын (көлемін) тапсырыс берушімен (ол бар болса) келісім бойынша әзірлеуші белгілейді.

19. Әзірлеуші және дайындаушы немесе уағдаластық бойынша олардың біреуі өрт-техникалық өнімдерінің пайдаланылуы көрсеткіштерін, тұтынушылық қасиеттерін кешенді бағалау және оның халықтың өмірі, денсаулығы, мүлкі мен қоршаған орта үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ететін талаптарына сәйкестігін тексеру үшін тәжірибелік үлгілерге қабылдау сынақтарын жүргізуді қамтамасыз етеді.

20. Әзірлеушіде және (немесе) дайындаушыда сынақтар жүргізуге қажетті жағдай болмаса, үлгілер сынақ жүргізу үшін басқа ұйымдарға (сынақ жүргізу орталығына, зертханаларға және басқаларға) беріледі.

21. Басқа ұйымдар (сынақ жүргізу орталығы, зертханалар, және басқалар) сынақтың барлық кешенін немесе оның жекелеген түрлерін жүргізуі мүмкін.

22. Сынауға жұмыс құжаттамасы бойынша дайындалған тәжірибелік үлгілер (партиялар) немесе әлі құжаттамалары жоқ эксперименттік үлгілер алынады.

Жеке мамандар жасаған авторлық үлгілер эксперименттік үлгілердің бір түрі болып табылады.

23. Өрт-техникалық өнімдерінің пайдалану көрсеткіштері және тұтынушылық қасиеті немесе олардың өзгеруі (жаңғырту немесе қасиеттерін өзгерту кезінде) сапа көрсеткіштерінің эксперименттік растауды талап ететін сандық мәнін білдірмеген жағдайды қоспағанда, қабылдау сынағы міндетті болып табылады және сарапшылық немесе есептік әдіспен толық бағалануы мүмкін.

24. Өрт-техникалық өнімдерінің тәжірибелік үлгілерін (партияларын) халықтың өмірі, денсаулығы, мүлкі және қоршаған орта үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ететін техникалық регламенттер мен стандарттардың талаптарына сәйкестігіне с ы н а у д ы :

1) міндетті сертификаттауға жататын өнімдер үшін - сынақ базасы болған кезде сертификаттау жөніндегі органдар немесе Қазақстан Республикасы мемлекеттік сертификаттау жүйесінің құжаттарымен белгіленген тәртіппен тіркелген тәуелсіз зертханалар мен орталықтар;

2) міндетті сертификаттауға жатпайтын өнімдер үшін - Мемстандарттың белгілеген тәртібімен тіркелген сынақтар жүргізуге құқығы бар аттестатталған сынақ зертханалары мен орталықтары жүргізеді.

25. Қабылдау сынақтарына олардың өткізілетін жеріне қарамастан дайындаушының және халықтың өмірі, денсаулығы, оның мүлкі қоршаған орта үшін өрт-техникалық өнімдерінің қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыратын, алдағы сынақтар туралы алдын ала хабарлануы тиіс органдардың қатысуға құқығы бар.

Ескерту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.11. N 760 қаулысымен.

4. Әзірлеу нәтижелерін қабылдау

26. Орындалған әзірлемелерді бағалауды және өрт-техникалық өнімдерін өндіру және (немесе) пайдалану туралы шешім қабылдауды қабылдау комиссиясы жүргізеді.

27. Қабылдау комиссиясының функцияларын тапсырыс берушінің тұрақты комиссиясы, ал ол болмаған жағдайда, әзірлеушінің комиссиясы немесе бір-бірімен өзара келісу арқылы осы ұйымдардың біреуінің басшысы орындауы мүмкін.

28. Қабылдау комиссиясының құрамын, оның төрағасын өрт-техникалық өнімдерін болашақта шығару үшін үлгілерін бағалауға, оған техникалық көмек көрсетуге, жөндеуге және сол бойынша шығарылатын құжаттаманы келісуге байланысты мәселелерді білікті шешу қажеттілігіне сүйене отырып, тапсырыс беруші, ал ол болмаған кезде әзірлеуші мен дайындаушы белгілейді.

29. Әзірлеуші қабылдау комиссиясына:

1) өртке қарсы техника мен өрттен қорғану құралдарын өндіру және сату құқығына арналған лицензияны;

2) өрт-техникалық өнімдерінің үлгісін;

3) сынақ нәтижелерін;

4) өрт-техникалық өнімдерінің сапасын (қажеті болған кезде оның әзірленімдерін) айқындайтын нормативтік құжаттың жобасын;

5) технологиялық және техникалық құжаттаманы (қажет болған кезде оның әзірленімдерін);

6) конструкторлық, оның ішінде пайдалану және жөндеу құжаттамасын (қажет болған кезде оның әзірленімдерін) ұсынады;

30. Материалдарды қарау нәтижелері бойынша комиссия өрт-техникалық өнімдерін өндіру (өндіруден бас тарту) туралы ұсынымды қамтитын қабылдау комиссиясының актісін жасайды.

Егер оны бекіту осы сатыда көзделген болса, өндірістік техникалық мақсаттарға арналған өрт-техникалық өнімдері үшін үлгіні және (немесе) халықтың тұтыну тауарларына жататын өнімдер үшін үлгі-эталонды бекітеді.

Қабылдау комиссиясының актісін оның төрағасы бекітеді.

Егер өрт-техникалық өнімдерінің нақты түрінің сапасы толығымен техникалық және (немесе) нормативтік-техникалық құжаттамамен айқындалса, ал сыртқы түрінің ықтимал ауытқуы және басқа да белгілері тұтынушылық қасиетіне әсерін тигізбесе, үлгі және (немесе) үлгі-эталон бекітілмеуі мүмкін.

31. Қабылдау комиссиясының актісін бекіту әзірленімдердің аяқталғандығын, техникалық тапсырма қолданылуының тоқтағандығын, ұсынылған нормативтік және пайдалануға беру құжаттарының келісілгендігін, сондай-ақ өрт-техникалық өнімдерін шығаруға немесе пайдалануға рұқсат берілгенін білдіреді.

5. Өндірісті дайындау және игеру

32. Дайындаушы өрт-техникалық өнімдерін шығару туралы шешімді:

- 1) үлгілерді (партияларды) қабылдау сынақтарының оң нәтижелері;
- 2) өртке қарсы техникаларды, жабдықтарды және өрттен қорғану құралдарын өндіру құқығына лицензиясы болған;
- 3) өрт-техникалық өнімдерінің сапасына қойылатын талаптарды белгілейтін құжат және бекітілген үлгі және (немесе) үлгі-эталон болған кезде қабылдайды.

33. Алғашқы серияны шығару қажеттілігін дайындаушы белгілейді. Бұл ретте, егер үлгі және (немесе) үлгі-эталон тәжірибелік үлгілер сатысында бекітілмеген болса, алғашқы серияны дайындау және білікті сынақ жүргізу міндетті болып табылады. Дайындаушы негізгі тұтынушымен (ол болған кезде) келісім бойынша алғашқы серияның үлгісін үлгі және (немесе) үлгі-эталон түрінде бекітеді.

Мұндай жағдайда білікті сынақтар жүргізу актісі (хаттамасы) мен үлгі (немесе) үлгі-эталон өрт-техникалық өнімдерін өндіріске шығару үшін шешім болып табылады.

34. Берілген үлгі және (немесе) үлгі-эталон бойынша өрт-техникалық өнімдерін шығара бастаған жеке және заңды тұлғалар үшін алғашқы серия үлгісіне білікті сынақтар жүргізеді, нормативтік және техникалық құжаттаманы (ол болмаған кезде) әзірлейді және өзі шығарған үлгіні және (немесе) алғашқы сериядағы үлгі-эталонды бекітеді.